<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 18 беті</b>

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

**Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.**

### **Бақылау:**

#### **Ситуациялық есептер:**

**Есеп 1.** 400 л 90 % (салмақтық) этанолды 65% (салмақтық) концентрацияға дейін сұйылту үшін керекті 20% этанолдың (салмақтық) көлемін және массасын есептеңіз.

**Есеп 2.** МФ СССР XI басылымының 1-том, 26-29 бет.берілген кесте көмегімен спирттің концентрациясын қоспаларының қайнау температуrasesы бойынша табыңыз:

- |                        |                        |                         |                      |
|------------------------|------------------------|-------------------------|----------------------|
| а) 82 <sup>0</sup> C   | б) 80,5 <sup>0</sup> C | в) 90,8 <sup>0</sup> C  | г) 96 <sup>0</sup> C |
| д) 79,4 <sup>0</sup> C | е) 86,5 <sup>0</sup> C | ж) 81,2 <sup>0</sup> C. |                      |

Берілген концентрация қандай процентпен көрсетілген (көлемдік немесе салмақтық)?

**Есеп 3.** 550 мл 40% этанол алуға қажетті 90% этанолдың мөлшерін есептеңіз. Алкоголиметриялық кесте көмегімен этанолдың керекті концентрациясына дейін сұйылтуға қажетті судың мөлшерін есептеңіз.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Алкоголиметрия дегеніміз не? Спиртті-сулы қоспалардағы спирт концентрациясын анықтау үшін қандай әдістер қолданылады? Қандай приборлар қолданылады? Қандай алкоголиметриялық кестелер қолданылады?

2. Спиртті сұйылту және қанықтыру, есепке алу және сақтау жағдайларын көрсетіңіздер. Контракция қандай құбылыс? Оны қандай жағдайда ескеру керек?

3. Ерітінділерге анықтама беріңіз және олардың жіктелуі.

4. Ерітінділер технологиясының ерекшелігін көрсетіңіз.

5. Еріту деген не? Ерітудің теориялық негіздері қандай? Еріту процесін динамизацияудың қандай жолдары бар?

6. Өндіріс жағдайында дайындалатын медициналық спирттік ерітінділердің номенклатурасы және құрамы.

7. Ішке және сыртқа қолдануға арналған медициналық спирттік ерітінділердің дайындалу ережелері.

8. Медициналық спирттік ерітінділердің завод жағдайындағы технологиясының ерекшелігі, оларды бөлшектеу, орамдау, безендіру және стандарттау.

9. Арапастыру қандай әдістермен жүзеге асырылады? Жылжымалы және қою тұтқыр паста тәрізді сұйықтықтарды және массаларды арапастыруда арапастырғыштардың қай түрлері қолданылады?

### **Сабак № 7**

#### **Тақырып 7: Шырындар. Дәмдік және дәрілік шырындар.**

**Мақсаты:** Технологиялық процесті теориялық менгеруді және дәрілік, дәмдік шырындарды дайындауды, нормативтік құжаттардың талабына сай олардың сапасын бағалауды үйрену.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 19 беті</b>

### Оқыту міндеттері:

#### білім алушылар білуі тиіс:

- шырындардың дәрілік түр ретінде анықтамасы, жіктелуі және номенклатуrasesы;
- дәмдік және дәрілік шырындардың жеке технологиясы;
- шырындар өндірісінде қолданылатын қондырғылар;
- жылу процестері: қыздыру-сұыту, буландыру-конденсация;
- жылу алмастырғыштардың және конденсаторлардың түрлері;
- салқындау және конденсация принциптері.

#### білім алушылар істей білуі тиіс:

- зауыт жағдайында шырындар өндірісін қадағалайтын НҚ пайдалану;
- материалдық баланс құрастыру және дайындалған дәрілік турге технологиялық құжат толтыру;
  - шырындарды алудың, оларды балласты заттардан тазалаудың және стандартизациялаудың қазіргі заманда қолданылатын әдестерін пайдалану;
  - шырындарды дайындау кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау.

### Тақырыптың негізгі сұрақтары:

#### негізгі білім бойынша:

1. Сабак тақырыбы бойынша орыс және латын тіліндегі терминология.
2. Жылу процестері, жылу өткізгіштік, конвекция, сәулелену.
3. Таудаудың оптикалық әдістері (рефрактометрия).
4. ДДТ түрақтылығы және сақталу мерзімдері.
5. Әр түрлі дәрілік түрлердің микробты зияндылығын анықтау.
6. Дәрілік препараттарды ағзаға енгізу жолдары.

#### сабак тақырыбы бойынша:

1. Шырындар. Анықтамасы. Жіктелуі. Оларды қолдану перспективалары.
2. Дәмдік шырындар. Номенклатуrasesы, жеке технологиясы, қолданылуы.
3. Дәрілік шырындар. Номенклатуrasesы, жеке технологиясы, қолданылуы.
4. Қарапайым қант шырыны өндірісінің технологиялық схемасы. Шырынды дайындауға қолданылатын қантқа қойылатын талаптар.
5. Шырын өндірісінде қолданылатын қондырғылар.
6. Шырындардың стандартизациясы. Шырындардың сақталуы.
7. Жылу процестері. Қыздыру-салқындау, буландыру-конденсация. Жылу беру: жылу өткізгіштік, конвекция, сәулелену. Ньютон заңы, Фуре заңы, Стефан-Больцман заңы. Құрделі жылу алмасу.
8. Жылу тасымалдағыштар: су, өткір және қатаң су булары, минералды майлар және т.б. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Қолданылу аймақтары.
9. Мұздатқыш агенттер: су, мұз, тұздықтар және т.б. Олардың қолданылу аймақтары.
10. Жылу алмастырғыш аппараттар. Олардың түрлері.

### БІЛІМ АЛУШЫЛАРТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Тапсырма N 1.** Алдын-ала алынған қарапайым қант шырынын алтей шырынын алу үшін лабораториялық регламент құрастырып, технологиялық және аппартуралық схемасын сыйынсыз. Оқытушының тапсырмасы бойынша 40-60 (г) қарапайым қант шырынын, 40-60 (г) алтей шырынын алу үшін қажетті бастапқы заттардың мөлшерін есептөніз.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 20 беті</b>

**Тапсырма N 2.** Қарапайым қант шырынын дайындау, МФ X бойынша (615-бет) оның стандартизациясын жүргізу, салмағын анықтау. Алынған қант шырынының салмағына қарай алтей шырынын дайындау үшін алдын-ала есеп жүргізу, алтей шырынын дайындау, МФ IX (453-454 беттер) бойынша стандарттау, бөлшектеу, орамдау, безендіру. Дайын өнімді оқытушыға тапсыру.

**Тапсырма N 3.** Алтей шырыны өндірісінде материалдық балансты және технико-экономикалық көрсеткіштерді келесі сатылар бойынша есептеңіздер: қарапайым қант шырынын дайындау, алтей шырынын дайындау. Регламентті соңына дейін толтырып, оқытушыға қол қойдыру керек.

Жұмысты орындау барысында білім алушылартер техника қауіпсіздігін, өндірістік санитария жағдайларын қатаң сақтау керек.

**Жабдық:** химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, рафинирленген қант, дәрілік зат, су моншасы, келі, келісап, рефрактометр, кесте, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және on-line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

### Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.

#### Бақылау:

#### Бақылау сұрақтары:

1. Шырындарға дәрілік түр ретінде анықтама берініздер.
2. Медициналық практикада шырындардың қандай түрлері қолданылады?
3. Қарапайым қант шырынын қандай әдіспен алуға болады?
4. Сапалы фармакопеялық қарапайым қант шырыны сақтау кезінде неге микробтық зақымдануға ұшырамайды?
5. Қарапайым қант шырынын талдау үшін МФ ССРО X басылымы қандай әдіс ұсынады?
6. Қант шырынын қайнату барысында температуралық режимнің бұзылуы оның қасиетіне қалай әсер етеді?
7. Дәрілік препараттарды (тұндырмалар, құрғақ және қою экстрактілер т. б.) қант шырынының құрамына енгізу үшін қандай технологиялық әдістер қолданылады?
8. Қандай шырындардың құрамына және қандай мақсатпен этил спирті қосылады?
9. Дәрілік шырындардың сапасын қандай көрсеткіштер бойынша бағалайды?
10. Шырындарды қалай орамдап және сақтау қажет?
11. Жылу процесі дегеніміз не? Жылу берілу процесінің қозғалтқыш күші болып не табылады? Жылу қандай әдістермен таралады?
12. Жылу өткізгіштік, конвекция, сәулелену дегеніміз не? Олар қандай занға бағынады? Олардың физикалық мәні қандай? Курделі жылу алмасу дегеніміз не?
13. Қандай жылу тасымалдағыштарды білесіздер? Қысқаша сипаттама берініздер.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Дәрілер технологиясы кафедрасы	044-43/19 - (2023-24)
Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар	45 беттің 21 беті

14. Неліктен жылу көзі ретінде су буы көп қолданылады? Оның артықшылықтары мен кемшиліктері қандай?
15. “Өткір және қатаң” булардың қолданылуы.
16. Жылу алмастырыштардың қандай түрлері және қандай жағдайда сұйықтықтарды қыздыруға, буландыруға қолданылады?
17. Салқыннату дегеніміз не? Қандай салқыннатқыш агенттерді білесіздер? Олар қандай жағдайда қолданылады?
18. Конденсация дегеніміз не? Ол қандай аппараттарда жүргізіледі?
19. Конденсаторлардың қандай түрлері белгілі? Олар қандай жағдайда қолданылады? Ерекшеліктері қандай?

#### Тест тапсырмалары:

1. Шырындар – бұл ... .
  - A) корригенттер ретінде қолданылатын, қанттың судағы қою мөлдір ерітінділері
  - B) қанттың судағы немесе ашыған жеміс шырындарындағы концентрленген ерітінділері, сонымен бірге олардың дәрілік заттармен, тұндырмалармен және экстрактармен қоспалары
  - C) судың немесе ашыған жеміс шырындардың құрамында 64%-ға дейін қантты бар қою мөлдір ерітінділер
  - D) ем үшін немесе микстуралардың дәмін дұрыстау үшін қолданылатын эфир майларының судағы немесе спиртті-сулы ерітінділердегі ерітінділері
  - E) белгілі тұтқырлығы бар дәрілік заттардың ерітінділері
2. "Қатаң бу" қолданылады, егер ... .
  - A) қыздырылатын сұйықтық пен бу конденсаты арасында контакт жіберілмейтін кезде (сұйылып кетеді)
  - B) сұйықтық бу конденсатымен сұйылтуының маңызы болмаған кезде, қайнау температуrasesы жоғары сумен араласпайтын сұйықтықтарды айдау қажет болғанда (температуrasesы төмендейді)
  - C) қыздыру ылғалды жартылай немесе толық аластату мақсатында жүргізілгенде
  - D) сұйықтықты 100<sup>0</sup>C жоғары қыздыру қажет болғанда
  - E) сұйықтықты 100<sup>0</sup>C төмен қыздыру қажет болғанда
3. "Өткір бу" қолданылады, егер ... .
  - A) сұйықтық бу конденсатымен сұйылтудың маңызы болмаған кезде және қайнау температуrasesы жоғары сумен араласпайтын сұйықтықтарды айдау қажет болғанда (температуrasesы төмендейді)
  - B) қыздыру ылғалды жартылай немесе толық аластату мақсатында жүргізілгенде
  - C) сұйықтықты 100<sup>0</sup>C жоғары қыздыру қажет болғанда
  - D) сұйықтықты 100<sup>0</sup>C төмен қыздыру қажет болғанда
  - E) қыздырылатын сұйықтық пен бу конденсаты арасында контакт жіберілмейтін кезде (сұйылып кетеді)
4. Шырындарды ... көрсеткіштері бойынша стандарттайды.
  - A) спирт мөлшері, патоканың болмауы, көлем
  - B) салмағы, қант мөлшері, патоканың болмауы, көлем
  - C) ауыр металдар, қант мөлшері, патоканың болмауы, тығыздық
  - D) түсі, салмағы, ауыр металдар, қант және спирт мөлшері
  - E) түсі, ауыр металдар, қант мөлшері, патоканың болуы
5. Жылу өткізгіштік – бұл ... .

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 22 беті</b>

- A) бір-біріне тікелей жақын орналасқан дене бөлшектері арасында жылудың таралуы
- B) электромагниттік толқындар энергиясының жұтылуы және бөлшектердің жақын орналасуы арқасында жылудың күрделі тасымалдануы
- C) газ немесе сұйықтықтардың макроскопиялық көлемдерінің қозғалысы және араласуы арқасында жылудың тасымалдануы
- D) бөлшектердің жақын орналасуы және газ немесе сұйықтардың макроскопиялық көлемдерінің қозғалысы арқасында жылудың тасымалдануы
- E) энергияның қатты заттарда жұтылуы немесе шағылышуы арқасында жылудың тасымалдануы

### Сабак № 8

**Тәқырып 8: Тұндырмалар. Оларды алу тәсілдері. Өндірістің технологиялық схемасы.**

**Мақсаты:** Экстракциялаудың теориялық негіздерін менгеру. Тұндырмаларды әртүрлі тәсілдермен алу үшін, экстракциялауды экстрактивті заттардың сығындалуының толықтығы мен жылдамдығына әсер ететін факторларды есепке ала отырып жүргізу үшін жұмыс жазбасын құрастыру және есептеуді үйрену.

#### Оқыту міндеттері:

##### білім алушылар білуі тиіс:

- галендік препараттардың номенклатурасы, олардың жіктелуі;
- экстракцияның толық жүруіне және жылдамдығына әсер ететін факторлар;
- кептірілген және жана өсімдік шикізатын экстракциялау ерекшеліктері;
- экстракция процесінің қозғаушы құштері, масса алмасу зандары, молекулалық және конвективтік диффузия;
- экстракциялау әдістері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері;
- экстракцияға қолданылатын технологиялық қондырылғылар;
- еріткіштер мен экстрагенттердің номенклатуралары мен жіктелуі, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, экстрагентке қойылатын талаптар;
- экстракциялық препараттардың артықшылықтары мен кемшіліктері;
- тұндырмалардың дәрілік түр ретінде анықтамасы, жіктелуі, номенклатурасы, артықшылықтары мен кемшіліктері;
- тұндырмалар өндірісінің жалпы технологиялық схемасы, жеке тұндырмалардың технологиясының ерекшеліктері, шикізат пен экстрагенттердің қатынастары;

##### білім алушылар істей білуі тиіс:

- қарапайым және күрделі тұндырмалар алуға лабораториялық регламент жазу;
- зауыт жағдайындағы тұндырмалар өндірісінің технологиялық және аппаратуралық схемаларын теория жүзінде негіздеу;
- экстракциялау әдістерін теорияға негіздеу;
- экстрагент мөлшерін дұрыс есептеу және дұрыс сұйылту;
- тұндырмаларды әртүрлі әдістермен дайындау: мацерация, бөлшекті мацерация, перkolация;
- тұндырмалар өндірісінде сығындыларды тазартуды дұрыс жүргізу;

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 23 беті</b>

## Тақырыптың негізгі сұрақтары

### негізгі білім бойынша:

1. Сабак тақырыбы бойынша орыс және латын тіліндегі терминология.
2. Әртүрлі өсімдік шикізаттарындағы экстрактивті заттардың химиялық құрамы.
3. Өсімдік шикізаттарының структуралық механикалық қасиеттері.
4. Өсімдік жасушасының құрылымы.
5. Дәріханаларда тұнбалар мен қайнатпалар дайындау. Технологиясының ерекшеліктері.
6. Жылу процестері.

### сабак тақырыбы бойынша:

1. Галендік препараттар суммарлы құрамды дәрілік зат ретінде. Галендік препараттардың эволюциясы. Жіктелуі.
2. Экстракциялаудың теориялық негіздері. Экстракциялау процесінің мәні. Молекулалық және конвективтік диффузия үшін Фик заңы. Эйнштейн теңдігі. Күрделі масса алмасу.
3. Жаңа және кептірлген өсімдік шикізатын экстракциялау ерекшеліктері.
4. Заттарды жібіту. Биологиялық активті заттарды еріту.
5. Экстракциялаудың толықтығы мен жылдамдығына әсер ететін факторлар.
6. Еріткіштердің және экстрагенттердің (су, спирт, хлороформ және т.б.) жіктелуі және қазіргі кездегі ассортименттері. Экстрагенттерге қойылатын талаптар. Сығылған газдардың қолданылу перспективалары.
7. Экстракциялау әдістері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Қолданылатын технологиялық қондырғылар. Мацерация, ремацерация (бөлшекті мацерация), перколация әдістерінің ерекшеліктері.
8. Экстракциялық препараттардың жіктелуі. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.
9. Тұндырмалар. Анықтамасы. Жіктелуі. Номенклатурасы. Қолданылуы.
10. Тұндырмалар өндірісінің жалпы технологиялық схемасы.

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Білім алушылартер жеке лабораториялық жұмыстарды келесі тапсырмалар бойынша орындауы керек және берілген ситуациялық есептерді шешуі тиіс.

**Тапсырма N1.** Оқытушының тапсырмасы бойынша берілген бір тұндырмада лабораториялық регламент құру және өндірістің аппаратуралық және технологиялық схемасын жазу. Сығындауға қажетті этил спиртін есептеу және талаптама жазу.

Лабораториялық жұмысты орындауға арналған тұндырмалар номенклатурасы:

1. Долана (боярышник) тұндырмасы (1:10) 70% спиртте;
2. Сасықшөп (пустырник) тұндырмасы (1:5) 70% спиртте;
3. Қырмызығұл (календула) тұндырмасы (1:5) 70% спиртте;
4. Шайқурай (зверобой) тұндырмасы (1:5) 40% спиртте;
5. Жусан (полынь) тұндырмасы (1:5) 70% спиртте.

**Тапсырма N 2.** Құрылған регламент бойынша 10-15 г. өсімдік шикізатынан тұндырма дайындау.

**Тапсырма N 3.** Алынған тұндырманы центрифугалау немесе 7 тәулік бойына қаранды жерде тұндыру арқылы тазартамыз.

## САСЫҚШӨП ТҰНДЫРМАСЫНЫҢ ЖЕКЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫНАН МЫСАЛ

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Дәрілер технологиясы кафедрасы	044-43/19 - (2023-24)
Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар	45 беттің 24 беті

Сасықшөп тұндырмасы (1:5) қатынасында 70% спиртте жылдамдатылған мацерация әдісімен дайындалады.

№	Бастапқы шикізат атауы	N OCT немесе фармакопеялық мақала	Техникалық және сауда мәліметтері	Сандық көрсеткіштері
1.	Сасықшөп шөбі	МФ X, 688 бет	Сасықшөп тұндырмасын дайындау үшін	70% спиртпен сығындалынатын экстрактивті заттардың мөлшері 1%, 4% кем болмауы керек.
2.	Этил спирт 70%	МФ X, 631 бет	- «» -	Тығыздығы 0,782-0,808 г/см <sup>3</sup>
3.	Дистилденген су	МФ X, 73 бет	- «» -	Тығыздығы 1,0 г/см <sup>3</sup>

Сасықшөп тұндырмасы (1:5) қатынасында 70% спиртте жылдамдатылған мацерация әдісімен дайындаудың схемасы.

#### ШИКІЗАТТЫ ЖӘНЕ ЭКСТРАГЕНТТІ ДАЙЫНДАУ.

Шикізат-10 г., экстрагент –70% этанол 50 мл, 1:5 қатынаста.

1-мацерация(1-тұндыру) - 1 бөлік құю дайын өнім көлемінің 1/4 бөлігі;

2-мацерация(2-тұндыру) - 2 бөлік құю дайын өнім көлемінің 1/4 бөлігі;

3-мацерация(3-тұндыру) - 3 бөлік құю дайын өнім көлемінің 1/4 бөлігі;

4-мацерация(4-тұндыру) -4 бөлік құю дайын өнім көлемінің 1/4 бөлігі шикізатты сығындаумен бірге.

Сығындыны қараңғы жерде 7 тәулік тұндыру.

Дайын өнімді фильтрлеу----- мл.

Стандарттау. Тұндырма----- мл.

#### ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

Өсімдік шикізатын дайындау: белгілі дәрежеге дейін ұнтақталған өсімдік шикізатының қажет мөлшерін 6-12 сағат бойы 1-2 есе экстрагент мөлшерімен жібітіп, ісіндіреміз.

Перколятордың тәменгі тесігін ішінен мақтамен жауып, шикізатты аздал нығыздайды.

Экстрагентті дайындау: тұндырманың берілген мөлшерін дайындау үшін қажетті спирт мөлшерін спирт сіңіру коэффициентін есепке ала отырып, келесі теңдік бойынша шығарады:

$$X = a + PK$$

Бұл жерде :

X – экстрагент мөлшері (мл)

a - алынатын тұндырманың мөлшері (мл)

P – бастапқы шикізаттың мөлшері (г)

K – спирт сіңіру коэффициенті (сасықшөп үшін K=2).

Керекті концентрациядағы сулы спирті ерітіндін алу үшін күшті спиртті сүйилту жолымен формула бойынша жүргізіледі.

$$X = Y \frac{a}{b}$$

Бұл жерде:

X – сүйилтуға арналған спирт мөлшері, мл

Y – қажет концентрациядағы спирт мөлшері, мл

a- сүйилтүлген спирт концентрациясы, м%

b – сүйилтүлатын спирт концентрациясы, %

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 25 беті</b>

Толтырылған перколяторға экстрагенттің қажетті мөлшерін құяды да (“айна” пайды болғанша), 24 сағат тұндырады. Содан соң дайын тұндырманың сығындысын алады, оның көлемі жалпы тұндырманың көлемінің 1/4 бөлігін құрайды. Перколяторға 1,5 есе көп экстрагент мөлшерін құйып, 1 сағаттан кейін тұндырманың 2 - сығындысын дәл осындағы мөлшерде алады. Экстрагенттің 1 есе мөлшерін тағыда құйып, 1 сағаттан кейін 3 - сығындыны алады да, перколяторға 0,5 есе экстрагент құяды. 1 сағаттан соң 4 – сығындыны алады. Шикізатты сығып алады. Барлық сығындыны біріктіріп, алынған сығындыны келесі сабакқа дейін тұндыру үшін тығыз жабылған сарғыш түсті құтыда, + 8 ° С жоғары емес температурада балласты заттардың тұнуы үшін (7 тәулікке) қалдырады (спирттік тазалау).

Ескерту: Экстракциялаудың аяқталғанын, яғни материалдың толық сығындалғанын келесі тәсілдермен анықтайды:

- а) сұйықтықтың түссізденуі бойынша;
- б) меншікті салмақтың айырмашылығы болмауы және таза экстрагенттің жоқ болуы бойынша;
- в) әсер етуші заттарға жүргізілген сынаманың теріс нәтиже көрсетуі бойынша;

**Жабдық:** химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, дәрілік өсімдік шикізаты, перколятор, мацерациялық бак, кесте, «мылқа» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және on-line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

**Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.**

### **Бақылау:**

#### **Ситуациялық есептер:**

**Тапсырма N 1.** Құрамында 0,042 %алкокоиды бар ,105 л итжидек тұндырмасы алынды. Оны қалай нормаға келтіруге болады (стандартты құрамы 0,033 %)?

**Тапсырма N 3.** 250 мл шүйгіншөп тұндырмасын алу үшін қажетті шикізат пен 96% спирттің мөлшерін есептеңіз.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Галендік препараттарға дәрілік түр ретінде анықтама беріңіз. Олардың эволюциясы және жіктелуі.
2. Экстракциялау процесінің мәні неде? Диффузия процесінің қозғаушы күші болып не табылады (масса алмасудың)?
3. Молекулалық диффузия және заттардың конвективтік тасымалдануына салыстырмалы сипаттама беріңіз. Фик заңының диффузиялық процесс үшін және Эйнштейн теңдігінің диффузия коэффициенті үшін физикалық мәні неде?
4. Кептірілген және жас өсімдік шикізатын экстракциялаудың ерекшеліктері қандай?
5. Диффузия шығыны деген не? Оны қалай азайтуға болады?

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 26 беті</b>

6. Экстракциялау процесіне әсер ететін негізгі факторларды атаңыз. Бұл факторлар экстракциялаудың толықтығы мен жылдамдығына қалай әсер етеді?
7. Еріткіштер мен экстрагенттерге анықтама беріңіздер. Олардың номенклатуrasesи. Еріткіштер мен экстрагенттерге қандай талаптар қойылады?
8. Галендік өндірісте қолданылатын экстракциялау әдістерін атаңыз.
9. Мацерация дегеніміз не? Оның артықшылықтары мен кемшіліктері. Мацерация әдісін динамизациялау жолдары. Қысқаша сипаттама беріңіздер.
10. Перколация дегеніміз не? Оның артықшылықтары мен кемшіліктері. Перколяторлардың қандай конструкцияларын білесіздер? Олардың салыстырмалы сипаттамасын беріңіздер.
11. Тұндырмаларға дәрілік түр ретінде анықтама беріңіз. Олардың жіктелуі. Қолданылуы. Тұндырмалардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Номенклатуrasesи.
12. Тұндырмалар өндірісі қандай технологиялық сатылардан және операциялардан тұрады.
13. Өсімдік шикізатын және экстрагентті дайындау сатысы қандай операциялардан тұрады? Тұндырмалар өндірісінде шикізат пен экстрагент қандай қатынаста алынады? Спирттің қандай концентрациялары қолданылады? Мысал келтіріңіз.
14. Өсімдік шикізатын ұнтақтау қандай аппараттарда жүргізіледі? Оларға қысқаша сипаттама беріңіздер.
15. Өсімдік шикізатын елеу қалай және не үшін жүргізіледі? Елеуіш қондырығыларға сипаттама беріңіздер.
16. Өсімдік шикізатын алдын-ала жібіту қандай мақсатта және қалай жүргізіледі? Қандай аппараттарда?
17. Тұндырмалар. Анықтамасы. Жіктелуі. Номенклатура. Қолданылуы.
18. Тұндырмаларды алушың жалпы технологиялық схемасы.
19. Тұндырмаларды алушың қандай жалпы әдістерін білесіздер? Олар қандай жағдайда қолданылады?
20. Тұндырмалар өндірісінде сығындыларды тазарту қалай жүргізіледі?
21. Еріту әдісімен қандай тұндырмалар дайындалады. Қандай жағдайда? Қандай аппараттар қолданылады?

#### **Тест тапсырмалары:**

- Перколация әдісі – бұл ... .
  - экстрагенттің барынша өнделгеннен, азырақ өнделген шикізатқа оның экстрактивті заттармен толық қанағуына дейін көп сатылы жүретін әдіс
  - ісінген шикізаттың қабаты арқылы оның толық өнделгенше экстрагентті үздіксіз өткізіп отыру әдісі
  - шикізатты бөліктерге бөліп, әрбір келесі порциясын алдыңғы алынған сығындымен экстракциялау әдісі
  - бөлме температурасында есептелген экстрагенттің мөлшерімен шикізатты ұзақ тұндыру әдісі
    - 2-3 бөлікке бөлінген экстрагенттің әртүрлі порциясында шикізатты кезекпен тұндыратын, ал сығындыларды соңынан біріктіретін әдіс
    - Тұндырмалар өндірісінде қолданылатын экстрагент ... .
      - сығылған көмір қышқыл газы
      - әртүрлі концентрациядағы этанол
      - ацетон

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Дәрілер технологиясы кафедрасы	044-43/19 - (2023-24)
Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар	45 беттің 27 беті

- D. ыстық және суық су  
E. хлороформ  
3. Экстракциялаудың негізінде ... процессі жатады.  
A. суыту  
B. диффузия  
C. рекуперация  
D. бөлу  
E. тұрақтандыру  
4. Молекулалық диффузия – бұл ... таралу процессі.  
A. арнайы жылу тасымалдағыш көмегімен жылудың белгілі ортада  
B. үлкен емес көлемде ерітінді немесе газ түріндегі заттардың  
C. арнайы араластырыштар көмегімен заттардың  
D. молекулалардың ретсіз қозғалыс нәтижесінде заттардың  
E. вибрация және ультрадыбыс әсерінен заттардың  
5. Экстракциялау процессі – бұл ... процессі.  
A. қатты дене-сұйықтық немесе сұйықтық-сұйықтық жүйелерде экстракциялық заттарды  
сығындау  
B. дәрілік заттарды органикалық еріткіштерде еріту  
C. гетерогенді жүйелерді ортадан тепкіш әсерімен бөлу  
D. биологиялық белсенді заттарды су буымен айдау  
E. гетерогенді жүйелерді саңылаулы кедергі көмегімен бөлу

### Сабак № 9

**Тақырып 9: Тұндырмаларды стандарттау. Абсолютті спирт бойынша материалдық баланс құрастыру. Спиртті рекуперациялау.**

**Мақсаты:** Өз бетінше тұндырмаларды тазартуды және стандарттауды, толық сығындалынған шикізаттан спиртті рекуперациялауды үйрену, технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

#### Оқыту міндеттері:

##### білім алушылар білуі тиіс:

- тұндырмалардың дәрілік тұр ретінде анықтамасы, жіктелуі, номенклатурасы, артықшылықтары мен кемшиліктері;
- тұндырмалар өндірісінің жалпы технологиялық схемасы, жеке тұндырмалардың технологиясының ерекшеліктері, шикізат пен экстрагенттердің қатынастары, тұндырмаларды стандарттау;
- спиртті рекуперациялау әдістері;
- тұндырмаларды тазарту әдістері;
- тұндырмаларды сақтау шарттары.

##### білім алушылар істей білуі тиіс:

- спирттік сығындыларды стандарттауды дұрыс жүргізу;
- а) спирттік сығындылардағы этанолдың құрам мөлшерін қайнау температурасы бойынша анықтау;
- б) спирттік сығындылардағы құрғақ қалдықты анықтау;

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 28 беті</b>

- толық сығындалынған өсімдік шикізатынан спиртті әртүрлі әдістермен рекуперациялау;
- абсолюттік спирт бойынша материалдық баланс құрастыру және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу;

### **Тақырыптың негізгі сұрақтары**

#### **негізгі білім бойынша:**

1. Сабақ тақырыбы бойынша орыс және латын тіліндегі терминология.
2. Әртүрлі өсімдік шикізаттарындағы экстрактивті заттардың химиялық құрамы.
3. Өсімдік шикізаттарының структуралық механикалық қасиеттері.
4. Өсімдік жасушасының құрылымы.
5. Дәріханаларда тұнбалар мен қайнатпалар дайындау. Технологиясының ерекшеліктері.
6. Жылу процестері.

#### **сабақ тақырыбы бойынша:**

1. Галендік препараттар суммарлы құрамды дәрілік зат ретінде. Галендік препараттардың эволюциясы. Жіктелуі.
2. Экстракциялаудың теориялық негіздері. Экстракциялау процесінің мәні. Молекулалық және конвективтік диффузия үшін Фик заны. Эйнштейн тенденция. Құрделі масса алмасу.
3. Тұндырмалар. Анықтамасы. Жіктелуі. Номенклатурасы. Қолданылуы.
4. Тұндырмалар өндірісінің жалпы технологиялық схемасы.
5. Тұндырмаларды қандай көрсеткіштері бойынша стандарттайды?
6. Тұндырмаларды сақтау жағдайлары.
7. Тұндырмаларды орамдау және безендіру.
8. Спирт рекуперациясы. Спиртті рекуперациялау тәсілдері. Қолданылатын аппараттар.
9. Периодты және үздіксіз әсерлі ректификациялық қондырығылар.
10. Спиртті рекуператтың ректификация сызбасы.

### **БІЛІМ АЛУШЫЛАРТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ**

Білім алушылартер жеке лабораториялық жұмыстарды келесі тапсырмалар бойынша орындауды керек және берілген ситуациялық есептерді шешуі тиіс.

**Тапсырма N1.** Тұндырмаларды келесі көрсеткіштер бойынша стандарттау:

- сыртқы түрі мен органолептикалық қасиеттерін сипаттау;
- тұндырмадағы этанолдың мөлшерін қайнау температурасы бойынша анықтау;
- құрғақ қалдықты анықтау.

**Тапсырма N2.** Өндөлген шикізаттан спирт-рекуператты әртүрлі әдістермен алу:

- шротты 3-5 есе дистилденген сумен жуу;
- «қатаң» бүмен айдау және оны талдау, яғни қайнау температурасы бойынша рекуператтағы этанолдың мөлшерін анықтау.

Тұндырманы және спирт-рекуператты жеке-жеке безендіріп, оқытуышға тапсыру.

**Тапсырма N3.** Материалдық баланс құрастырып, технико-экономикалық көрсеткіштерді өндөлген өсімдік шикізатынан алынған спирт-рекуператты есепке ала отырып шығару.

**Жабдық:** химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, дәрілік өсімдік шикізаты, перколятор, мацерациялық бак, ареометр, кесте, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 29 беті</b>

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және on-line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

**Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.**

**Бақылау:**

**Ситуациялық есептер:**

**Тапсырма N 1.** 300 л строфант тұндырмасын қалай нормаға келтіруге болады, егер 1 мл-де жүрек гликозидтері 270 ЛЕД болса (стандартты құрамы 1 мл-де 180-200 ЛЕД)?

**Тапсырма N 2.** Құрамында 18 ЛЕД жүрек гликозидтері бар 30 кг меруертгүл жапырағынан 300 л тұндырма алынды. МФ X талабына жауап береді (1 мл-де 15 ЛЕД). Өсер етуші заттар бойынша материалдық баланс құрыныз және технологиялық шығым, шығын және шығын коэффициентін есептеңіз.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Тұндырмаларды стандарттау қандай көрсеткіштер бойынша жүргізіледі? Тұндырмалардың сақталу шарттары.
2. Тұндырмаларды орамдау және безендіру.
3. Спирт рекуперациясы. Спиртті рекуперациялау тәсілдері. Қолданылатын аппараттар.
4. Фармацевтикалық өндірісте спиртті қоспаларды рекуперациялау (бөлінген және толығымен) қандай мақсатта жүргізіледі?
5. Этанолдың бөлінген және толықтай рекуперациясы қалай жүреді?
6. Этанолдың ректификациясын бақылау үшін қандай диаграмма қолданылады?
7. Ректификационды қондырылардың жұмыс істей принципі қандай?

## **Сабак № 10**

**Тақырып 10: Сұйық экстрактылар. Алу тәсілдері. Стандарттау.**

**Мақсаты:** Сұйық экстракти дайындауға қажетті шикізат пен экстрагент мөлшерін өз бетінше есептей білуге үйрету. Экстракцияның жылдамдығына және толықтығына әсер ететін факторларды есепке ала отырып, экстракциялау тәсілін дұрыс таңдай білуге үйрету, сұйық экстрактарды стандарттау.

**Оқыту міндеттері:**

**білім алушылар білуі тиіс:**

- экстракциялаудың теориялық негіздері;
- экстрактардың консистенция бойынша және экстрагенттің табигаты бойынша жіктелуі;
- сұйық экстрактардың алыну тәсілдері;
- сұйық экстрактар өндірісінде қолданылатын аппараттар;
- сұйық экстрактарды стандарттау әдістері.

**білім алушылар істей білуі тиіс:**

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 30 беті</b>

- сұйық экстрактар өндірісіне лабораториялық регламент құрастыру және экстрагентті дайындау үшін қажетті есеп жүргізу;
- сұйық экстрактарды перколоция және реперколоция тәсілдерімен алу;
- сұйық экстрактарды стандарттау;
- сұйық экстрактар өндірісінде алынған сығындыларды тазартуды дұрыс жүргізу;
- спирттік сығындыларды стандарттауды дұрыс жүргізу:
  - а) спирттік сығындылардағы этанолдың құрам мөлшерін қайнау температуrasesи бойынша анықтау;
  - б) спирттік сығындылардағы құрғақ қалдықты анықтау;
- абсолюттік спирт бойынша материалдың баланс құрастыру және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу;

### Тақырыптың негізгі сұрақтары

#### негізгі білім бойынша:

1. Сабақ тақырыбы бойынша орыс және латын тіліндегі терминология.
2. Жылу процестері. Буландыру.
3. Талдаудың физикалық әдістері.

#### сабақ тақырыбы бойынша:

1. Экстракциялаудың теориялық негіздері. Экстракциялау тәсілдері.
2. Экстарктар дәрілік түр ретінде. Экстрактардың консистенция бойынша және экстрагенттің табиғаты бойынша жіктелуі. Номенклатуrasesи.
3. Сұйық экстрактар. Сұйық экстрактарды алу тәсілдері. Сұйық экстрактардың артықшылықтары мен кемшіліктері.
4. Сұйық экстрактар алудың негізгі сатылары.

### БІЛІМ АЛУШЫЛАРТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Білім алушылартер жеке лабораториялық жұмыстарды келесі тапсырмалар бойынша орындауы керек және берілген ситуациялық есептерді шешуі тиіс.

**Тапсырма N1.** Оқытушының тапсырмасы бойынша берілген бір сұйық экстрактқа лабораториялық регламент жазып, технологиялық және аппаратуралық схемасын сыйзу. Сығындауға қажетті спиртті есептеу және талаптама жазу.

Лабораториялық жұмысты орындау үшін қажет сұйық экстрактардың номенклатуrasesы:

1. Су бұрышы шебінен 70% спиртте;
2. Қалақай жапырағынан 50% спиртте;
3. Жүгері шашағынан 70 %спиртте;
4. Жұмыршақ шебінен 70% спиртте;
5. Мыңжапырақ шебінен 40%спиртте;
6. Долана жемісінен 70% спиртте.

**Тапсырма N2.** Жазылған регламент бойынша перколоция және реперколоция әдістерімен өсімдік шикізатынан 10-15 г сығынды алу. Оны центрифугалау арқылы тазарту.

**Тапсырма N3.** Дайындалған сұйық экстракты келесі көрсеткіштері бойынша стандарттау:

- сыртқы түрін және органолептикалық қасиеттерін сипаттау;
- қайнау температуrasesи бойынша этанолдың құрамын анықтау;

**Тапсырма N4.** Өндөлген шикізаттан спирт-рекуператты әртүрлі әдістермен алу:

- шротты 3-5 есе дистилденген сумен жуу;

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы	044-43/19 - (2023-24)
Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар	45 беттің 31 беті

- қатаң бумен айдау және оны талдау, яғни этанолдың құрамын қайнау температуrasesы бойынша анықтау;

**Тапсырма N5.** Сұйық экстракты алу үшін регламентті аяқтау. Материалдың баланс құрастырып, технико-экономикалық көрсеткіштерді өндөлген өсімдік шикізатынан алынған спирт-рекуператты есепке ала отырып шығару.

**Жабдық:** химиялық жиынтық, зертханалық ыдыстар, дәрілік өсімдік шикізаты, диірмен, перколятор, дистиллятор, су моншасы, кесте, «мылқау» карталар, тест тапсырмаларының кешені және т.б.

**Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары:** кіші топтарда жұмыс/«Тапсырма» модулінде берілген тапсырмаларды on-line немесе off-line режимінде топтық орындау және on-line режимінде немесе «Тапсырма» модулдік чатында немесе басқа ақпараттық платформаларда талқылау.

**Бағалау әдістері/технологиялары:** ауызша сұрау, тестілеу, зертханалық жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері бойынша.

### Әдебиет қосымша 1 көрсетілген.

#### Бақылау:

#### Ситуациялық есептер:

**Есеп N1.** Магнолияның екі жібітпесінен екі сұйық экстракт алынды. 120 л бірінші экстрактта 13% алколоид, ал екіншісінде 200 л-де 0.08% алколоид бар. Өнімді қалыпты жағдайға қалай келтіруге болады (алколоидтардың стандартты құрамы 0,10%). Қандай жағдайда стандартты экстрактың мөлшері артады? Сұйылтқанда немесе қанықтырғанда?

**Есеп N2.** Егер перколация жылдамдығы 0,08 мл/мин болса 280 г шикізаттан 1:1 сұйық экстракт (перколация әдісімен) алуда перколяттың алғашқы порциясын алуға қанша уақыт қажет.

**Есеп N3.** 180 л 1:2 қатынастағы шүйгіншөптің сұйық экстрактын алу үшін қажетті 96% этанолдың мөлшерін табу керек. Этanol сіңіру коэффициенті 1,3 тең.

#### Бақылау сұраптары:

1. Экстрактарға анықтама беріңіздер. Олар қалай жіктеледі? Номенклатуrasesы бойынша мысал келтіріңіздер.

2. Сұйық экстрактар дегеніміз не? Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Қандай қатынаста дайындалады? Экстрагент ретінде не қолданылады?

3. Сұйық экстрагенттерді алудың жалпы технологиялық схемасы.

4. Сұйық экстрактарды алудың қандай әдістері бар? Еріту әдісімен қандай экстрактар дайындалады? Неге? Мысал келтіріңіз.

5. Сұйық экстрактар өндірісінде перколация әдісі қалай жүргізіледі? Оның тұндырмалар алудағы перколация әдісінен айырмашылығы қандай?

6. Реперколация дегеніміз не? Оның перколациядан айырмашылығы. Реперколацияның қандай вариантытары бар?

7. Сұйық экстрактарды жеделдетілген бөлшекті мацерация әдісімен алу.

8. Сұйық экстрактардың қалай сақталады және қолданылады?

#### Тест тапсырмалары:

<b>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Дәрілер технологиясы кафедрасы</b>	<b>044-43/19 - (2023-24)</b>
<b>Зертханалық сабакқа арналған әдістемелік нұсқаулар</b>	<b>45 беттің 32 беті</b>

1. Сұйық экстракттар өндірісіндегі шикізат пен дайын өнім қатынасы ... .
  - A. 5:1
  - B. 1:5
  - C. 1:1
  - D. 1:10
  - E. 1:2
2. Сұйық экстрактар өндірісінде экстрагент ретінде ... қолданылады.
  - A. ацетон
  - B. сығылған көмірқышқыл газы
  - C. әртүрлі концентрациядағы этанол
  - D. ыстық және суық су
  - E. хлороформ
3. Чулков бойынша реперколияция әдісінің артықшылықтары ... .
  - A. шикізаттың толық өнделуі, диффузияға экстрагент шығынының төмендігі, жоғары концентрленген сірінді, қыздыруды қажет етпейді
  - B. экстрагенттің үлкен шығыны, диффузияға экстрагент шығынының төмендігі
  - C. іске қосу кезеңінің ұзактығы, сірінді қыздыруды қажет етпейді
  - D. аппараттардың көптігі, қыздыруды қажет етеді
  - E. іске қосу кезеңінің ұзактығы, аппараттардың көптігі, қыздыруды қажет етеді
4. Қарсы ағынды экстракция – бұл ... әдіс.
  - A. экстрагенттің барынша өнделгеннен азырақ өнделген шикізатқа оның экстрактивті заттармен толық қанағуына дейін көп сатылды жүретін
  - B. шикізатты бөліктерге бөліп, әрбір келесі порциясын алдыңғыдан алынған сығындымен экстракциялайтын
  - C. ісінген шикізат қабаты арқылы оның толық өнделгенше экстрагентті үздіксіз өткізіп отыратын
